

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

2017 жылдың 15-17 қараша күндері аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде п.ғ.д., профессор Жеңіс Шоқыбаев және х.ғ.к., профессор Әзімхан Сейтжановтың 75 жылдығына, т.ғ.д., доцент Раушан Тургумбаеваның 70 жылдығына арналған «Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы жетістіктері, білім берудің өзекті мәселелері: жайы-күйі, жаңа технологиялар, болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар мен докторанттар, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, п.ғ.д., профессор Э. Мамбетакунов, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенттері қатысты.

Конференцияны құттықтау сөзімен университеттің бірінші проректоры, физ.-м.ғ.д., профессор Мақтағали Бектемісов, оқу - әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Г.К.Кенжебаев, жаратылыстану және география институтының директоры, г.ғ.д., профессор Күләш Каймулдинова ашты.

Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы жетістіктеріне, білім берудің өзекті мәселелеріне көп көңіл аудару мақсатында пленарлық жеке секциялық отырыстар өткізілді. Секциялық жұмыстар үш күнді қамтыды (15-17 қараша): «Жалпы білім беретін мектептердегі жаратылыстану ғылымдарын оқытудың қазіргі мәселелері» тақырыбына арналған секцияның алғашқы күнін секцияның модераторы химия кафедрасының меңгерушісі, профессор Нұрлан Ахметов жүргізді.

Екінші секция «Мектептерде және ЖОО-да химиялық білім мазмұнын жаңғыртудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған. Екінші секцияның модераторы х.ғ.д., доцент Мелдебек Жақсыбаев.

Секцияның соңғы бөлімі конференцияның үшінші күні өткізілді. Секцияның модераторы х.ғ.д., профессор Гүлжамила Мейирова. Пленарлық отырыста келесі жұмыстар тыңдалды:

- ҚР ҰҒА корр-мүшесі п.ғ.д., профессор Э.Мамбетакунов «Методологические основы создания предметного стандарта естественнонаучного образования» (Баласағұн атындағы ҚҰУ, Бішкек) ;

- Master of science Ewa Wietsma. «International Academic mobility from Kazakhstan to Europe» (Wageningen University, Department of Environmental Science, The Netherlands);

- п.ғ.к., доцент Торсыкбаева Б.Б. «Студенттерді кредиттік технология жағдайында бағалаудағы туындайтын қиындықтар және оны тиімді шешу жолдары» (Астана медицина университеті).

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде п.ғ.д., профессор Жеңіс Шоқыбаев және х.ғ.к., профессор Әзімхан Сейтжановтың 75 жылдығына, т.ғ.д., доцент Раушан Тургумбаеваның 70 жылдығына арналған «Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы жетістіктері, білім берудің өзекті мәселелері: жайы-күйі, жаңа технологиялар, болашағы» атты халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның қорытындысы бойынша мақалалар жинағы жарық көрді, конференция жұмыстары қорытындыланды. Мақалалар жинағында жаратылыстану пәндерін оқыту мәселелері мен оны шешу жолдары қарастырылған. Конференцияның жұмысынан соң, ұйымдастыру комитетімен жасалған жұмыстар талқыланып, тілектер білдірілді.

